

## **Түлкі мен құмыра**

**Егін оруға шыққан бір әйел құмырасын сүтімен шөптің арасына қояды. Бұны түлкі көреді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын сұғып, сүтті ішеді. Бірақ басын құмырадан кері шығара алмай, әлек болады. Сонда:**

**- Ау, құмыра! Біраз ойнадың ғой, жетер. Жібер енді басымды! – депті түлкі. Қанша жұлқынса да, құмырадан басын шығара алмапты. Содан соң ашуға басыпты.**

**- Қап, бәлем, тұра тұр! Сені суға батырмасам ба! – деп өзенге қарғып түсіп, құмырамен бірге өзі де батып кетіпті.**